Использование самостоятельных форм работы на уроках физики позволяет добиться решения основной задачи: развития познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развития критического и творческого мышления.

Современные педагогические технологии в сочетании с современными информационными технологиями могут существенно повысить эффективность образовательного процесса, решить стоящие перед образовательным учреждением задачи воспитания всесторонне развитой, творчески свободной личности.

#### **Литература:**

1. Юцявичене П. Теория и практика модульного обучения. - Каунас: Швиеса, 1989. - с.387
2. Савельев А.Я. Технологии обучения и их роль в реформе высшего образования. // Высшее образование в России. – М., 1994. № 2. С. 45
3. Новиков А.М. Методология учебной деятельности. - М., 2005.
4. Лазарев В.С. Системное развитие школы. - М.: Педагогическое общество России, 2002. – с. 458

**УДК 691.33**

### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМУНЫ БОЙЫНША ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

**Сатыбалдиева Л.У.  
(M.Қозыбаев ат. СҚМУ )**

Жаңа заман талабына сай білім беру – бүгінгі таңда өзекті мәселе, шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты дамыған адамзат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технология қажет. Білім беру технологияларының басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру, оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Бүгінгі жаңа қоғам мұғалімінің ішкі жан дүниесі де жаңаша, сондықтан өскелен XXI ғасыр ұрпағынанулықен үміт күтіледі, мұғалімдерге зор сенім артылады. Білім беру жүйесін әлемдік деңгейдегі талаптарды қанағаттандыратындей етіп құруда жаңаша ізденіс пен шығармашылықтың берері мол. Соған сәйкес білім беру жүйесінде жаңа инновациялық технологиялар пайда бола бастады. Инновациялық білім беру әдістемелерінің ішінде сын тұрғысынан ойлау технологиясы тиімді құралдың бірі. Сыни ойлау деген-әр жеке тұлғаның кез-келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік жеке ойлау

болып табылады. Ол- өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу дегенді білдіреді. Нағыз сабак – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірбиенің бірлігі. [1].

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оку бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практикердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

Оқушылар барлық пәндерді оку кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өндегінде барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ окушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Информатиканың оку бағдарламаларында оку мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оку мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оку және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығынқа «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» пайдалана отырып, бағалаудың қалыптастыруышы түрін кеңінен қолданылады. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұттымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күштіде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сынни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, үйгарым таңдауға, шешім қабылдауға, өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуга, ойларын еркін айтуға жетеледі. Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шындалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабактың сапасын арттыруда үлесі зор деп ойлаймын [2].

*Информатиканы оқыту әдіс-тәсілдері:*

*Құндылықты-бағдарланған тәсіл* - оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастыруышы оку-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансу йүгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

*Тұлғалық-бағдарланған тәсіл* – педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

*Жүйелік-әрекетті тәсіл* – оку-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

*Коммуникативтік тәсіл* - бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әнгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

*Интегративтік тәсіл* - оку үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оку пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

*Зерттеу тәсілі* – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады [3].

#### *Интербелсенді әдіс*

Интербелсенді әдіс – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді). Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабак барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атайды. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын менгерту екендігімен байланысты.

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді [4].

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабак сонында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты, т.б.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабактарда сынныпты екі немесе үш, торт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезінүү, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілдетіндігі байқалады.

*Блум таксономиясы әдісі*. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың негұрлым тұтас нысанын құру 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Ойлау дағдысының деңгейлері, Блум таксономиясы

<i>Дағды</i>	<i>Багалау нысаны</i>	<i>Пайдалы етістіктер</i>	<i>Үлгілік сұрақтар</i>
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>
<i>Білім</i>	Оқушы ақпаратты есіне түсіре ала ма немесе есіне сақтай алама?	Айтып беру, тізіп беру, сипаттау, сәйкестендіру, орналастыру, жазу, табу, көрсету, атап	... кейін не болды? Қанша ...? ... ол адам кім болды ? Сіз ... атап бере аласыз ба? ... болған оқиғаны сипаттап беріңіз бе? ... неге екенін Сіз айтып бере аласыз

			<p>ба?  ... мәнін табу  ... нені білдіреді?  Жауаптардың қайсысы шындық немесежалған болып табылады?</p>
<i>Tүсіну</i>	Окушы идеяның мағынасын немесе ұғымды түсіндіре ала ма?	Түсіндіру, мысал келтіру, жоспар жасау, талқылау (пікірталас жүргізу), ажыратса білу, болжай білу, қайта тұжырымдау, салыстыру, сипаттау	<p>Сіз ... өз сөзіңізben жаза аласыз ба?  Сіз ...қысқаша жоспарын жаза аласыз ба?  Сіздің ойыңызша, әрі қарай не болуы мүмкін?  Сіздің пікіріңізше кім ... ?  ... негізгі идеясы қандай?  Сіз ... арасындағы айырмашылықты көрсете аласыз ба?  ... арасында қандай айырмашылық бар?  Сіз .... арқылы нені мензеп тұрганыңız туралы мысал келтіре аласыз ба?  ... анықтама берес аласыз ба?</p>
<i>Қолдану</i>	Окушы ақпаратты жаңаша қолдана алды ма?	Шешімін табу, көрсету, қолдану, суреттеу, күрастыру, аяқтау, зерттеу, жіктеу.	<p>Берілген ақпараттар негізінде, ... бойынша нұсқамалар жиынтығын әзірлей аласыз ба?  Сізде... болған жағдайда бұл ақпарат пайдалы болар ма еді?  Сіз... көрсетілген басқа бір мысал келтіре аласыз ба?  Бұл .. орын алар ма еді?  Сіз... сияқты сипаттамалар бойынша ... топтастыра аласыз ба?  Егер ... болса, Сіз қандай факторларды ауыстыраш едіңіз?  Сіз осы әдісті өзіңіздің жеке тәжірибе жағдайына бейімдеп қолданар ма едіңіз?  ... бойына Сіз қандай сұрақтар қояр едіңіз?</p>
<i>Талдау</i>	Окушы әртүрлі компоненттердің арасындағы айырмашылықты ажыратса алады ма?	Талдау, ажырату, зерделеу, салыстыру, қатар қойып салыстыру, зерттеу, жіктеу, нақтылау, түсіндіру, бөлектеу, жарнамалау.	<p>... негізгі тақырып не болып табылады?  Бұл ... қаншалықты ұқсас (немесе өзгеше) болды?  Егер ... бол[ма]са, нәтиже қандай болатын еді?  Сіз қандай басқа мүмкін нәтижелерді көріп тұрсыз?  Қандай себептермен ... өзгерістер пайдаболды?  Өзіңіздің ... ұсынылған.... салыстырыңыз?  ... болған сәтте қалай болған болар еді, осыны Сіз түсіндіріпберес аласыз ба?  ... мәселелердің кейбіреуі қандай?  Сіз ... арасындағы айырмашылықты көрсете аласыз ба?  ... артында тұрган себептердің кейбіреуі қандай болды?  [Ойындағы] [тарихтағы] шешуші күш қандай болды?</p>

<i>Жинақтау/күрү</i>	Окушы жаңа өнімжасай алады ма (немесе жаңа идея туындаға ала ма)?	Жаңадан жасау/күрү, ойлап табу, құрастыру, алдын-ала болжай, жоспарлау, құрастыру, жобалау, елеестету, ұсыну, әзірлеу	... үшін ... жобалау ... туралы ән шығару ... үшін Сіз мүмкін шешімді көріп тұрсыз ба? Егер Сізде қажетті барлық ресурстар толық болса, Сіз ... мәселеніңшешіміне қалай келер едіңіз? ... мәселені шешудің жеке өзініздің әдісінен әзірлеңіз Егер ... болса, не болар еді? Сіз ... қанша әдіспен жасай аласыз? ... қолданудың жаңа және өзгеше әдістерінәзірлеу Дәмді тағамның жаңа рецептін ойлап табу ... жаңалық енгізетін тың ұсыныс әзірлеу
<i>Нәтижени бағалау</i>	Окушы өзінің көзқарасын (пікірін), шешімін қорғай/дәлелдей ала ма ?	Бағамдау, іріктеу, таңдалу, шешу, пікір алмасу жүргізу, тексеру, ұсыну, бағалау	... шешу үшін әлдеқайда тиімді шешім бар ма? ... құндылығын бағалау Сіз ... туралы өз көзқарасының қорғай аласызба? Қалай ойлайсыз ... бұл жақсы ма әлде жаманба? Сіз ... қалайша еңсерер едіңіз? Сіз ... бойынша қандай өзгерістер енгізуі ұсынар едіңіз? Егер ... болса, Сіз өзінізді қалай сезінер едіңіз? ... қаншалықты тиімді болып табылады? ... туралы не ойлайсыз?

Оқу үдерісіндегі кейс-стади әдісі

Кейс-стади (ағыл. case – жағдай, жағдаят, мәселе, study – зерттеу) – нақты жағдаятты (шынайы немесе шындыққа жанасатын ойдан құрастырылған мәселе) шешуге негізделген проблемалық-жағдаяттық талдау арқылы зерттеу әдісі [5].

Кейс-стади әдісі окушылардың проблеманы анықтау, оның шешу жолдарын іздестіріп, оңтайлысын тандау; ақпаратпен жұмыс істеу – берілген жағдайдың мән-жайын түйсіну, деректер мен дәлелдерді талдау және жинақтау, өндеу; мазмұнды қорытындылар мен болжам жасау; жағдаятқа қатысты әртүрлі көзқарастарды бағалау; шешім қабылдау; басқа адамдарды тыңдау және түсіну, топта жұмыс істеу дағдыларын дамытатын белсенді оқыту әдістерінің бірі болып табылады. Окушылар шынайы немесе шынайы өмірге жақын материал арқылы берілген жағдаятты зерттейді, проблеманың мән-жайын анықтап, мүмкін шешімдерін және олардың ішінен ең тиімдісін тандау үсінады.

Кейс-стади әдісінің маңызы – нақты жағдаятты топта талқылап, проблеманың мүмкін шешімдерін анықтап, олардың ішінен ең оңтайлысын тандау арқылы өз көзқарасын негіздеу, дәлелдеу.

Өмірде кездесетін оқиғалар желісінде проблемалық жағдаят тудыру арқылы жүзеге асатын кейс-стади әдісі экономика, бизнес салалары пәндерін оқытуда кеңінен қолданылатын танымал әдістердің бірі болып табылады. Ең алғашқыда 1870 жылы Гарвард университетінің құқық мектебінде қолданудан басталған бұл әдіс 1920 жылы

университеттің бизнес мектебінде қолданыла бастаған. Бұгінде бұл әдіс арқылы оқыту аясы кеңейіп, құқық, мәдениеттану, медицина және т.б. салаларда табысты қолданыс табуда. Осы әдіс негізінде оқу үйімдастыру үшін жақсы жазылған кейс және оны қолдану әдістемесі қажет болады.

Жақсы кейс келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- Накты бір белгіленген мақсатқа сәйкестігі;
- Белгі бір күрделілік деңгейі болуы;
- Экономикалық, әлеуметтік, саяси, т.б. жағдайдың бірнеше аспектісінің көрініс табуы;
- Тез ескірмейтін, бүгінгі күн талабына сай өзектілігі;
- Сараптамалық, сыни ойлауды дамытатын;
- Пікірталас тудыратын;
- Қойылған проблеманың бірнеше шешімінің болуы.

Қойылған мәселенің нақты дұрыс шешімін кесіп айту мүмкін емес жағдайдың өзінде кейс-стади әдісі теориялық білімдерін қолдану арқылы оқушылардың өз шешімін дәлелді негізден, көзқарасын қорғай білуін қамтамасыз етеді.

Кейстерді әр түрлі белгілері бойынша жіктеуге болады, солардың бірі – күрделілік деңгейі бойынша жіктеу. Мұнда келесі жіктелім орын алады:

Иллюстрациялық оқу жағдаяты: бұл кейс нақты бір тәжірибелік мысал (жағымды да, жағымсыз да) арқылы оқушыларды дұрыс шешім қабылдау алгоритміне үйретуді көздейді.

Проблема анықталған кейс – оқу жағдаяты: нақты бір уақыттағы орын алған жағдаятқа байланысты проблемалар толық анықталып беріледі. Мұндай кейстің мақсаты жағдаятты зерделеу және өз бетінше шешім қабылдауды үйрету.

Проблема анықталмаған кейс – оқу жағдаяты: мұнда алдыңғы айтылған нұсқадан күрделірек жағдаят қарастырылады; жағдаятқа байланысты статистикалық мәліметтер, қоғамдық көзқарастар мен билік өкілдерінің пікірлері мен бағалары, т.б. беріледі. Бұндай кейстің мақсаты өздігінен проблемаларды анықтап, белгілі жағдайларға байланысты проблеманың шешу жолдарын ұсынуды үйретуды.

Тәжірибелік жаттығу кейсі: нақты орын алған проблемалық жағдаят беріледі де одан шығу жолын табу қажет болады. Бұндай кестің мақсаты – проблеманы шешу жолдарын іздеу [6].

#### Әдебиет:

1. Асқарбек Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. - Алматы, 2013.
2. Bolan, McMahon, Stoll et al. Тиімді кәсіби оқу қоғамдастырының құру мен қолдау, 2005.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші деңгей. Екінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012.
4. Мұсабеков Ә. Тұлғага бағытталған білім. Қазақстан мектебі. 2007.
5. Қ.Қ. Құнапина «Мамандығым-мұғалім» Алматы 2011, «Егemen Қазақстан» газеті. №16. 2008.
6. Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. Руководство для учителя. Третий (базовый) уровень. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.

## **К ВОПРОСУ ОБ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБУЧЕНИИ ИНФОРМАТИКЕ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ**

**Туркумбаев М.Ж.**  
*(СКГУ им. М.Козыбаева)*

*В статье описана необходимость организации проектной деятельности в обучении информатике в средней школе, а также пути внедрения элементов проектной деятельности в рамках школьного курса информатики*

В нашем образовании ускоренными темпами возрастает потребность уделять большее внимание личностному фактору, поскольку на современном этапе развития республики востребованы граждане, которые способны проектировать и вести самостоятельную активную деятельность, принимать решения и самоопределяться.

В современном динамично развивающемся мире успех, как правило, определяется способностью правильно выстраивать свою проектную деятельность: определять перспективу своей деятельности, ставить цель, находить ресурсы для ее достижения, составлять план действий и воплощать идею в жизнь, достигая поставленной цели, а также проводить анализ выполненной работы. По данным многочисленных исследований люди, достигшие определенного успеха в какой-то отрасли, обладают проектным типом мышления. К ним можно отнести любую категорию граждан: ученых, политиков, бизнесменов, деятелей искусства. В любой современной школе есть все возможности для развития проектного мышления, которая подразумевает особый вид деятельности учащихся – проектная деятельность.

Несмотря на это, на данный момент до сих пор не существует полноценного понятия, о том каким образом организовывать проектную деятельность на уроке информатики.

Учебный проект – большое понятие, которое может быть совершенно различного жанра: начиная от реферата до защиты обширного научного исследования. Если рассматривать понятие проект в информатике, то оно предусматривает самостоятельное подробное изучение определенной проблемы с дальнейшим представлением результатов выполненной работы. Это может быть компьютерная программа, web-страница, сайт и т.д. Новому современному обществу необходим подход к обучению, позволяющий организовывать обучение школьников так, чтобы у них формировались навыки поисково-исследовательской деятельности. Подрастающему поколению нужен подход, повышающий мотивацию к обучению и формирующий у обучающихся правильное мировоззрение и общую картину мира [5].

Задачи, которые должны быть поставлены педагогом при организации проектной деятельности в обучении информатике:

– формирование и развитие исследовательских умений обучающихся, путем вовлечения школьников в поисково-исследовательскую деятельность (развивать умение работать с огромным потоком информации: отбирать актуальную и нужную информацию, обобщать, анализировать и систематизировать ее выявлять проблемы и находить их решения; выдвигать обоснованные гипотезы и ставить эксперименты; статистически обрабатывать данные).

– развитие критического мышления (аналитического, ассоциативного, логического, системного);

– развитие творческого мышления (пространственного воображения, развитие комбинаторных, прогностических умений);

– развитие навыка сотрудничества (получения опыта работы в паре, в группе).

Проектный метод нельзя считать отдельным методом, он является комплексным методом обучения, поскольку используется вместе с другими методами позволяя индивидуализировать учебный процесс, дать возможность показать ученику свою независимость при планировании, проявить творчество при выполнении промежуточных задач проекта для достижения конечной цели.

В учебном проекте, прежде всего, выбирается объем и тематика будущего проекта. Следующий важный вопрос – продолжительность проекта. Проект может быть рассчитан на одно занятие или более длительное время (за 1 четверть). В первом случае в проекте могут участвовать только несколько учащихся, при длительном расчете каждый ученик или небольшая группа учащихся получает отдельные темы в рамках совместного большого проекта. Создание группы, состоящей из более трех учащихся, вызывает проблемы создания неблагополучных – больших групп [1].

Общая тема проекта выбирается в зависимости от задач учителя. Конкретная тема, заданная ученику или группе, должна соответствовать с общей темой по предмету.

Как найти время для проведения проекта? Прежде всего, следует организовать повторение в форме проекта, особенно в конце учебного года. Кроме того, в информатике есть разделы, где работа над проектом успешно осуществляется не только с изучением нового материала. Например, «Этапы решения задач на компьютере», "Моделирование и вычислительный эксперимент" и др.

Во время работы над проектом учитель находится в роли консультанта, где ему помогают несколько подготовленных учащихся. Лучше всего, если учащиеся самостоятельно проводят определение постановки отчета. Для этого достаточно, чтобы учитель ознакомил их с ранее выполненными проектами.

Результаты работы над проектом обязательно должны быть опубликованы в классе. Публичная защита работы является важнейшей частью метода проектов, так как она позволяет учащимся обобщать и систематизировать полученные знания в процессе работы. Кроме того, форма проведения занятий не обязательно быть классическим семинаром, а может быть и игрой. Если предусматривается письменная отчетность, то требования к ней составляются заранее. Публичная защита проектов может быть и формой проведения зачетов по разделам.

Метод проектов во многом совпадает с групповыми формами обучения, этот метод всегда предполагает решение какой-либо проблемы.

Метод проектирования в информатике характеризуется формированием навыков системного подхода к решению задач, повышением независимости в процессе работы и установлением плодотворного общения между учителем и учеником.

Проект составляется по определенной теме. Она может быть выбрана по интересам ученика. Требования к выполнению проектной работы следующие:

- Выбор классификации учебного проекта;
- Подготовка презентации проекта;
- Определение критериев оценки проекта;
- Оценка результатов разработанного проекта;
- Определение целей и задач учителей в обучении методам проектирования [3].

Этапы работы над проектом:

1. Период поиска ( поиск нужной информации и анализ проблемы, выбор темы проекта, планирование проектной деятельности по этапам, сбор, изучение, обработка информации по теме проекта).

2. Конструкторский этап ( поиск оптимального решения задач проекта, к примеру: изучение вариантов конструкций с учетом требований дизайна, выбор технологии

изготовления, экономическая оценка, проведение экологической экспертизы, составление конструкторской и технологической документации.

3. Технологический этап (составление плана реализации на практике, выбор необходимых материалов, инструментов и оборудования, выполнение утвержденных технологических операций, текущий контроль качества, при необходимости внесение изменений в структуру и технологию).

4. Заключительный этап (качественная оценка выполнения проекта, анализ задач в выполнении проектирования, изучение возможностей использования результатов проектирования – выставка, продажа, включение в банк проектов, публикация) [4].

В заключение можно отметить, что метод проектов – это система обучения, модель учебного процесса, которая ориентирована на личность, своюственную ему, путем развития творческих способностей в процессе создания новых проектов исходя из интеллектуальных и физических возможностей учащихся.

Если оценивать результаты работы школьников, то основными критериями оценки будут являться:

1) познавательная деятельность школьника: умение работать с различными источниками информации (интернет-источники, книги, документация и т.д.);

2) умение сотрудничать, принимать различные мнения, преодолевать трудности;

3) умение правильно ставить цель, составлять план для дальнейшей его реализации, использовать различные методы исследования, проводить рефлексию проделанной работы.

Каждому педагогу важно понимать, что проектный метод принесет пользу лишь при правильном применении и личной заинтересованности всех участников проекта в его осуществлении

Теоретически мы считаем, что проектирование-это изменение, развитие определенной проблемы. Проект начался с анализа отчета по структуре проекта, который состоит из проектирования шагов, решение которых будет сделано для достижения результата. В проектной работе появляется развитие мыслительных навыков, критическое мышление, креативность, а также способность решать проблемы.

Учитель учит ученика самостоятельно получать знания и также учит умению аргументировать полученные знания путем работы над проектом. Благодаря этой работе между учителем и учеником появляется так называемое «творческое взаимодействие», новые взгляды. В стенах школы преподаватель экономит свое время, в связи с тем, что учащимися приобретены навыки исследования, поиска, выявления проблемы, доказывания, синтеза, анализа и проектирования своей работы. Эти свойства и навыки, которые как раз необходимо использовать в своей будущей профессии и жизни каждому ученику.

#### **Литература:**

1. Е.С. Полат. Типология телекоммуникационных проектов. Наука и школа – № 4, 1997.
2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Пахомова Н.В. - учебный проект: его возможности. "Учитель", N4-2000.
3. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования - М., 2000.
4. Бурков В.Н., Новиков Д. А. Как управлять проектами. М., 1997.
5. Новикова Т.А., Проектные технологии на уроках и во внеурочной деятельности // Народное образование, 2000, № 7.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮҢГҮШ ГЕОГРАФИЯ КАФЕДРАСЫНА – 85 ЖЫЛ

Увалиев Т.О.

(п.з.к. Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.)

Республикамыздың жоғары оқу орындары арасында, қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетінде (ҚазҰПУ) ең бірінші болып ашылған география бөліміне 1933 жылдан бастап студенттер қабылданып, өз кезегінде еліміздегі түңгүш «География» кафедрасы да оның құрамында 1935 жылы құрылған болатын. Осы 1933-35 жылдары география мамандығы мен аталмыш кафедраның құрылыш-қалыптасуының алғышарттары, сонау 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басында Қазақстанның мол байлығын игеру мақсатында, оның жерінің табиғат ресурстарын жоспарлы түрде зерттеп-білу мәселелерінен туындалы. Әрі республикамыздың аумағын, табиғи-тарихи және экономикалық-географиялық жағынан аудандастыру қажет болды. Осы себепті бұл игі істерді жүзеге асыратын зерттеуші-географ мамандарды дайындау міндеті алға қойылды. Сол кездегі Қазақстандағы жалғыз фана жоғары оқу орны – ҚазПИ, республикамызда түңгүш рет осылайша география мамандығы бойынша кадрлар даярлауға кірісті. Осылайша оқу орнымыздың «Тарих» факультетінде 1933-34 оқу жылы жеке география бөлімі ашылады, ал 1934 жылдан бастап география мамандығы бойынша арнайы дайындық бөлімі жұмыс жасап, ендігі жерде ол «Тарих-география» факультеті болып аталады. Осы 1934 жылы «География» мамандығы бойынша сәйкесінше алғаш қазақ тобын құруға шешім қабылдағанымен, бұл бөлім қазақ тілінде сабак беретін мұғалімдер жетіспеуіне байланысты ашылмай қалады.

Университетіміздің архив құжаттарынан сонымен қатар Қазақстандағы ең алғашқы география кафедрасы қалай дүниеге келгенін де көруге болады. Онда, 1935 жылдың 11 ақпанындағы № 200 бұйрықтың 6-тармағында – картография, физикалық және экономикалық географиясы оқу пәндері қосылып – «География» кафедрасы құрылғаны және оның менгерушісі болып доцент А.В.Гербач тағайындалғаны туралы жолдар бар. Мұнда, географ мамандарды даярлаумен қатар, географиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары да осы оқу орнынан басталғаны туралы деректер бар. Оның үстіне география пәні басқа да мамандықтарда оқытылғаны жайлы құжаттар сақталған. Олардың оқу жоспарларына – жаратылыстану бағытындағы жеке пәндермен бірге «физикалық географияның», ал қоғамдық пәндермен қатар «экономикалық географияның» да кейбір курсарының кіргенін көреміз. Осыған орай біз, Қазақстанда география ғылымының тарихи дамуы мен географиялық зерттеу жұмыстары мұғалімдік мамандар даярлаумен қатар жүргеніне күә боламыз, әрі Абай атындағы ҚазПИ-дің республикамыздағы алғашқы ғылым, білім ордасы болғанын мақтан етеміз. Жоғарыда аталынған «Тарих-география» факультеті 1936 жылы екіге бөлініп, олар дербес факультеттер болып құрылады. Жаңадан құрылған «География» факультетіне декан болып доцент В.П.Симонов тағайындалады. Осы уақыттан бастап оның жеке факультет болып қалыптасуымен бірге, жан-жақты дамып өскенін де байқаймыз. Мәселен, 1937-1938 оқу жылы аталмыш «География» кафедрасы келесі «Физикалық география» және «Экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі» кафедралары болып екіге бөлінеді, ал 1941 жылы «Геология және топырақтану» кафедрасы құрылады.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары факультетімізге Мәскеу, Ленинград, т.б ірі қалалардан көптеген ғалым-географтар ауысып келіп, Қазақстан ғылыминың, оның ішінде біздің оқу орнымыздың білім деңгейінің көтеріле түсіне өз ықпалдарын тигізеді. Әсіресе, олардың ішінен КСРО Ғылым Академиясының 1939 жылдан корреспондент-мүшесі, г.ғ.д., профессор Н.Н.Баранскийді ерекше атауға болады. Соғыс басталған жылы Алматыға эвакуациямен ауысып келген Н.Н.Баранский, біздің «Экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі» кафедрасының менгерушісі болып әрі сабак бергендігін, сонымен қатар ол, КСРО ҒА-ның Қазақ филиалында география секторын ашуға тікелей еңбек сініріп және Республикалық жоғары партия мектебінде дәріс жүргізгендігін оқырман қауымның есіне сала кеткеніміз жөн. Ол біздің оқу орнымында жұмыс істей жүріп «Қазақстан географиясы» курсын құрастыру жұмыстарына басшылық жасайды. Сонымен бірге экономикалық географияның әдіснамалық мәселелерімен айналысып, «Географияны оқыту әдістемесі және әдіснамалық негіздері» деген еңбегін Алматы қаласы мектептерінің географ мұғалімдерімен талқылау арқылы оның байқау нұсқасын да осында жарыққа шығарған. Соғыс және соғыстан кейінгі жылдары ҚазПИ-дің географиялық кафедраларда қызмет істеген профессорлардан: А.Григорьев, К.Марков, М.Глазовская, А.Глаголев, О.Назаревский, В.Лымарев, ал доценттерден: Н.Рыбин, В.Евтихович, П.Кочергин, П.Устименко, Н.Стрельников, Н.Щукина, А.Пузырева, Ф.Козлов, т.б. адамдардың есімдері белгілі. Абай атындағы ҚазПИ-дің «география» мамандығын бітіруші тұлектері арасында мемлекеттік жоғары атақ иегерлері: Кеңестер Одағының Батыры – Қанаш Қамзин мен Халық Қаһарманы – Мөрдін Таипов тәрізді соғыс ардагерлері де бар.

Ал 1946 жылы география факультетінде қазақ бөлімі ашылып, оның ең алғашқы тұлектері қатарында, майданнан оралған: М.Қалиев, М.Смағұлов, Б.Кереев, С.Жортанов және т.б. ұжымымыздың ардагерлер-қызметкерлері болған. Сол жылдары жұмыс істеген атақты ғалымдардың ішінен Ақжан Жақсыбекұлы Машановты аса құрметпен атایмыз. Ол «Геология және топырақтану» кафедрасында қызмет істей жүріп, факультетімізде жалпы география ғылыминың, оның ішінде жертанудың жеке салаларының дамуына аса үлкен үлес қосты. Осы 1946 жылы біздің геофакқа – география ғылыминың кандидаты, доцент М.М.Өтемағанбетов оқытушылық қызметке шақырылып, ол – А.Ж. Машановпен және біздің оқу орнымыздың тұлектері: Ф.Қ.Қоңқашбаев және М.Ш.Ярмухамедовпен бірлесіп қазақ бөлімінің қалыптасуына көп еңбек сініреді. Ал Мұслетдин Өтемағанбетов 1946-1966 жылдар аралығында факультет деканы және «Физикалық география» кафедрасының менгерушісі болып қызмет атқарып, Қазақстанның жоғары және орта мектеп географиясының қалыптасуы мен дамуы үшін ерен еңбек еткен. Ғалым-педагог – Алматыда Бұқілодақтық география қоғамының қазақ филиалын (1952 ж.) үйімдастырушылардың бірі, жоғары және орта мектептерге арналған «Қазақстанның физикалық географиясы» деген алғашқы төл оқулықтың, т.б. көптеген ірі ғылыми еңбектердің авторы. Жоғарыда аталған: Н.Н.Баранский, А.Ж.Машанов, М.М.Өтемағанбетов және «қарт ҚазПИ-дің» басқа да географ-ғалымдары ҚазССР Ғылым Академиясының география секторының, Қазақстанның басқа да көптеген жоғары педагогикалық оқу орындарының ғалым-кадрларының қалыптасып-өсуіне атсалысқан ғалым-ұстаздар. ҚазПИ-дің геофагы, 1936 жылдан басталып 1955 жылдың ортасына дейін дербес факультет болып тұрған кезенде, оның кафедралары Қазақстанның география ғылымы саласындағы зиялы қауымды қалыптастыру мәселесінде және қазақтың ұлттық географ мамандарын даярлау жолымен ерекшеленеді.

1955-1956 оқу жылы, сол кездегі үкімет пен партия тарапынан барлық бағыт-салаларда жүргізілген ірілendіру саясаты салдарынан география және жаратылыстану

факультеттері біріктіріледі. Осы бірігу аясында, геология және топырақтану кафедрасы физикалық география кафедрасына қосылады. Ендігі жерде біріктірілген «Жаратылыстану-география» факультетіндегі 7 кафедраның екеуі ғана географиялық, яғни «Жалпы физикалық география» мен «Экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі» кафедралары болды. Кейіннен 1973 жылы «Жалпы физикалық география» кафедрасынан «Жалпы жертану» кафедрасы бөлініп, ол жеке құрылым ретінде қалыптасады. Осы география кафедралары – «География, қосымша биология» оқу пәндері бойынша мектепке мұғалімдер даярлау ісіне жүмылдырылады. Атальыш қосарлы маман-педагогтар даярлауға байланысты, оның оқу жоспарына сыймағандықтан кейбір географиялық пәндер («Халықтар географиясы», «Саяси карта», т.б.) мен оқу курстары қысқартылады, ал негізгі пәндердің сағаттары азайтылды. Бұл кезеңде жоғары және орта мектеп географиясы арасында аса тығыз байланыстар орнап, 1950 жылдардың екінші жартысынан бастап өз республикаларының географиясы пәндерін мектепте оқытуға арнайы сағат бөлінуіне орай, біздің факультет оқытушылары алдында орта мектептерге арналған оның оқулықтарын жазып шығару міндеттері тұрады. Мұндай аса қастерлі іске еліміздің жоғары оқу орындары арасынан біздің географтар құлшына кірісіп, осы республикамыздың географиясына арналған оқулықтардың алғашқы авторлары атанады. Тұңғыш шыққан «Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығының авторлары – М.Өтемесебетов пен П.Устименко. Ал, «Қазақстанның экономикалық географиясының» алғашқы басылымы үлгі ретінде «Қазақстан мектебі» журналы бетінде жарық көрді, мұны жазғандар – Б.Кереев пен Ө.Қазақбаев еді.

1990 жылдардың басында бұрынғы оқу-ағарту жүйелері қурделі реформаларға ұшырауына және біздің педагогикалық институтымыздың қайтадан университет (1928 ж. ол университет болып ашылған) мәртебесін алуына орай, оның құрылымында үлкен өзгерістер болып жаңа факультеттер мен кафедралар ашылады. 1991 жылдың күнінде «Жаратылыстану-география» факультеті құрамынан, жоғарыда аталған үш кафедралар мен 1986 жылы «Физикалық география» кафедрасы жаңынан ашылған «Табиғат қорғау және ландшафттар экологиясы» зертханасы негізінде «География-экология» факультеті (ГЭФ) бөлініп шықты. Ал бұл зертхана 1989 жылы «География-экология» мамандығын ашуға мұрындық болады. Жалпы табиғатты қорғау және оның дағдарыстарын шешу мәселелерімен айналысадын эколог-мамандарды алғаш даярлау жұмыстары, бұрынғы Одақ және республика көлемінде біздің оқу орнымыздан осылайша бастау алған.

Республикамыздағы әлеуметтік-экономикалық және табиғи-экологиялық дағдарыстарды шешу жолында, КР ЖОО алдында жаңа әлемдік үлгі тұрғысындағы мамандар даярлау қажеттілігі туындалады. Сондықтан жас мемлекетіміздің дүниежүзілік қауымдастыққа енү үрдісіне және нарықты экономика занылыштарына бейімделе отырып, факультетіміз бір ғана таза география мамандығын даярлау шенберінен шығып, ел болашағына аса қажет мамандар даярлау жолына түсті. «География-экология» мамандығымен қоса «География-туризм» мамандығы бойынша 1991 жылы алғашында сырттай оқу бөлімі ашылып, 1992 жылдан бастап күндізгі оқу бөлімдеріне «География-туризм» және «Халықаралық-туризм» мамандықтарына студенттер қабылданды. Ал, 1994 жылы «Халықаралық-туризм» кешкі оқу бөлімі ашылып, оған алматылық жастар қабылданды. Жоғарыда аталған мамандықтарға оқытуудың барлық түрлерінде қазақ және орыс, күндізгі және кешкі / сырттай оқу бөлімдері болды.


Факультеттің 1991 жылдан басталған Тәуелсіздік жылдарындағы кезеңіне тоқталсак, оқу және білім жүйелерінің жаңа ғылыми-теориялық тұжырымдамалар бағытында дамуына орай, орта және жоғары мектептер үшін мамандар даярлауды жаңаша жүргізу мақсатында құрылған біздің ұжым, осы 90-шы жылдар ішінде біршама жетістіктерге жетті. ГЭФ университетімізде алғашқылардың бірі болып әлемдік білім

денгейіне сай мамандар даярлаудың көпсатылы жүйесіне көшті. Осыған орай, төрт жылдық бакалавриат бөлімдеріне қоса, 1996 жылдан «География-экология», «География-туризм» және «Халықаралық туризм» мамандықтары бойынша магистратура бөлімі ашылып, оған факультетімізді бітіруші студенттер арасынан магистранттар іріктелініп алынды. Бұл уақыт аралығында география, туризм және экология мамандықтары бойынша бір жарым мындан астам жоғары білімді мамандар даярланды. Мәселен 1998 жылы факультетіміздің күндізгі бөлімін 150-ден астам, ал сырттай бөлімін 80-ге жуық адам бітірген. Кешкі бөлімнің 17 студенті халықаралық туризм менеджері біліктілігі бойынша дипломдарын қолдарына алды. Магистратураның 24 түлегі де осы жылы магистрлік академиялық дәрежесінің тұнғыш дипломдарының иегерлері атанды.

Осылайша «География-экология» факультеті аясында соны («халықаралық туризм», «экология») мамандықтар мен географияны шептес пәндер арқылы қосымша мамандандыруға қатысты тыңынан қосарлы («География-экология», «География-туризм» және т.б.) мамандықтар ашылуына байланысты, оның құрылымында да үлкен өзгерістер жүріп, ол сан және сапа жағынан түбекейлі жаңғырады. Енді алғашқы 3 кафедраға қосымша, жаңадан екі кафедра – «Туризм» және «Қоршаған органды қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану» (кейіннен мұның атауы «Экология» кафедрасы болып өзгертілді) кафедралары ашылды. Физикалық география кафедрасы негізінде екі жеке – «Елтану» және «Қазақстан географиясы» кафедралары құрылды.

Бұрынғы «Жалпы жертану» кафедрасы – жертану және табиғатты қорғау, ал «Экономикалық география» – экономикалық және әлеуметтік география кафедралары болып атаулары өзгертілді. 1993 жылы «Жертану және табиғатты қорғау» кафедрасы жанынан проблемалық «Табиғат ресурстары және жер қойнауын қорғау» зертханасы ашылды. Жоғарыда аталған кафедралар мен зертханалардың ашылуы немесе аттарының өзгеруі – оқу орнының классикалық университеттік мәртебе алына және олардың жаңа атаулары мен соны мазмұндарының бір-біріне сәйкестендірілуіне байланысты. Сол кездегі Абай атындағы Ал.МУ-дың құрамындағы «География-экология» факультетінің құрылымын төмендегі (№ 1-кесте) кестеден көруге болады:

1-кесте. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің құрамындағы «География-экология» факультетінің (ГЭФ) 1990 жылдарғы құрылымы:



Кадрлар даярлаудағы соны бағытқа бет бұруымызға байланысты, мамандықтардың оқу жоспарлары мен жекелеген пәндердің оқу бағдарламалары

мемлекеттік стандартқа сәйкес жаңадан жасалынды. Бакалавриат және магистратура бөлімдеріне қажетті бірнеше пәндер мен арнаулы оқу курсары қосымша енгізілді. Олардың типтік бағдарламаларын да кафедра оқытушылары осы салалар бойынша мамандарды қатыстыра, әрі өздері жаңалап құрастыру арқылы оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға кірісті. Сонымен қатар кафедралардың профессор-оқытушылар ұжымы, облыстық және қалалық мұғалімдер бөлімін жетілдіру институттарымен және ҮІ.Алтынсарин атындағы Білім академиясымен бірлесіп география және экология курсары бойынша мектептерге арналған көптеген еңбектер шығарды. Мәселен, профессор Ә.Бейсенова мен доцент Ж.Шілдебаев «Көпшілікке үздіксіз экологиялық білім берудің теориялық негіздері» және «Экологияны мектептерде жеке пән ретінде енгізуіндегі тұжырымдамасын», ал доцент Е.Ахметов пен аға оқытушы Т.Увалиев «Қазақстанның орта мектептерінде географиядан білім беру тұжырымдамасын» даярлады.

Заман ағымына үндесіп отырған «География-туризм», «География-экология», «Халықаралық-туризм» тәрізді зәру мамандар даярлау ісінде ГЭФ ұжымы талапқа сай еңбек етуде. Аталған мамандықтарды қалаушы жастар саны жылдан-жылға өседі. Оның бір айғағы – университетімізге окуға түсуші талапкерлердің арасындағы ең жоғары конкурсардың соңғы жылдары біздің факультетте байқалуы. ГЭФ мамандықтарына деген сұраныстың артуына байланысты маман кадрларды әлемдік стандартқа сәйкестендіріп, сапалы даярлау бағыты ұжымымызға аса үлкен жауапкершілік жүктеп отыр.

Білім беру саласындағы онтайландыру жұмыстарының нәтижесінде, 1999 жылдың сәуірінде «Жаратылыстану» және «География-экология» факультеттері қосылады, осы жылдың шілде айында «Елтану» кафедрасы «Жалпы жертану» кафедрасымен біріктіріледі. Осылайша «Қазақстан географиясы» және «Экология» кафедралары да бір-бірімен қосылады. 2001 жылдың наурыз айында біздің оқу орнымыздағы байырғы географиялық кафедраның бірі болып саналған «Экономикалық және әлеуметтік география» кафедрасының таратылуына байланысты, ондағы оқытушы-профессорлар құрамының басым бөлігі «Елтану» кафедрасына ауыстырылып, ол ендігі жерде «Елтану және әлеуметтік география» кафедрасы болып аталағаннады.

2007-2008 оқу жылы «Жаратылыстану-география» факультетінде 3,5 мынға тарта студенттер (магистранттарды қоспағанда) оқиды, олардың төң жарымына жуығы «География», «Экология», «Туризм» мамандықтарының білімгерлері болған (№ 2-кесте). Нәтижесінде атальыш факультет 2008 жылдың жазында «География-экология» және «Химия-биология» факультеттері болып қайтадан құрылуына байланысты болған құрылымдық өзгерістерден кейін, кафедраның атауы енді «Елтану» болып өзгертілді. Ол 2013 жылдың күзінде жоғарыдағы аталған қос факультет қосылып, ендігі жерде оның мәртебесі өзгеріп, енді ол «Жаратылыстану және география» институты болып аталағаннады. Ал «Елтану» кафедрасы болса ол «Туризм» кафедрасымен біріктіріліп, ендігі жерде «Елтану және туризм» кафедрасы болып атауы өзгереді. Ал 2014 жылдың қазан айында «Магистратура және докторантуралар PhD» институты қысқартылып, ондағы географияға қатысты профессор-оқытушылар құрамы, атальыш кафедра мен «Қазақстан географиясы және экология» кафедраларына ауыстырылады.

Университетімізде осы жылдарғы жүргізілген онтайландыру жұмыстарының нәтижесінде, оның ішкі құрылымдық өзгерістерге ұшырауына байланысты жоғарыда атальшан кафедралардың таратылуы мен олардың бір-бірімен қосылуы нәтижесінде, 2017-2018 оқу жылының соңына дейін олар «Жаратылыстану және география» институтының құрамында – «Елтану және туризм» және «Қазақстан географиясы және экология» кафедралары аясында қалыптасқан болатын.

2-кесте. 2000-2010 жылдардың ортасындағы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «География-экология факультетінің» бакалаврлардаярлаудағы мамандықтары мен қосымша мамандандырулары:

<b>Мамандық атауы</b>	<b>Мамандандырулар (қосымша білім бағдарламалары)</b>	<b>Академиялық дәрежесі және мамандығы (кәсіби біліктілігі)</b>	<b>Оқу мерзімі</b>	<b>Оқу нысаны</b>	<b>Оқу түрі</b>
<b>География (Білім бағыты бойынша)</b>	1) География және экология	Білім бакалавры (география және экология пәндерінің мұғалімі)	4-жыл	Күндізгі, сырттай	Грант, ақылы
	2) География және туризм	Білім бакалавры (география пәні мұғалімі және мектептегі туристік-өлкетану жұмысының үйимдастырушы)	4-жыл	Күндізгі, сырттай	Грант, ақылы
	3) География және экономика негіздері	Білім бакалавры (география және қаржылық сауатылық пен экономика негіздері пәндері мұғалімі)	4-жыл	Күндізгі, сырттай	Грант, ақылы
<b>География (Ғылыми бағыт бойынша)</b>	География және жаратылыстану негіздері	География бакалавры (географ, география және жаратылыстану оқытушысы)	4-жыл	Күндізгі, сырттай	Грант, ақылы
<b>Экология</b>	Экология және табиғатты пайдалану	Экология бакалавры (эколог және табиғатты қорғау маманы)	4-жыл	Күндізгі, сырттай	Грант, ақылы
<b>Туризм</b>	Туризм және туризмді оқыту	Туризм бакалавры (туризм менеджері және оқытушысы)	4-жыл	Күндізгі, сырттай	Грант, ақылы

Былтырғы, 2018-2019 оқу жылының басында оқу орнымызында кафедралық құрылымдарын мамандықтарға қатысты сәйкестендіру арқылы ірілендіру жұмыстарының жүргізуіне байланысты жоғарыда аталған қос кафедра біріктіріліп, қазіргі таңда ол – «География, экология және туризм» кафедрасы болып аталады. Үстіміздегі оқу жылы кафедраның профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) – 30 адамнан тұрады, оның ішінде: 1 КР ҰFA академигі, 5 ғылым докторлары және 13 ғылым кандидаттары мен 2 PhD докторлары бар.

Бүгінгі таңда кафедра ұжымы – бакалавриат, магистратура және PhD докторантуралың келесі мамандықтары: «5B011600-География»; «5B060800-Экология»; «5B060900-География»; «5B090200-Туризм»; «6M011600-География»; «6M060900-География»; «6D011600-География» және «6D060900-География» бойынша мамандар дайындауда. Ал былтырғы оқу жылынан бері «Сорbonna-Қазақстан» институтымен бірлесіп, «5B060900-География» мамандығы бойынша қос дипломдық бағыттағы жұмыстар жүзеге асырылуда.

Кафедраның жетекші ПОҚ мүшелері: бакалавриат және магистратураның «Білім» бағытындағы география мамандығы бойынша, 2004-2010 жылдар аралығындағы бірнеше КР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының әзірлеуші-авторлары және 2011 жылдан бастап «5B011600-География», «5B012900-География және тарих», «6M011600-География» мен «6D011600-География» мамандықтарының шетелдік ЖОО-дағы әріптестерімен бірлесіп жасалған, жаңа жобалық тұрғыдағы білім беру бағдарламаларының түзуші-авторлары болып табылады.

Кафедраның профессорлары мен жетекші доценттері, 1998 жылдан бері «География» және «Жаратылыстану» пәндерінен орта мектепке арналған жаңа буын және кейінгі жаңартылған білім беру аясындағы оқулықтар мен олардың оқу-әдістемелік құралдарының көпшілігін дайындау ісіне атсалысада. Сонымен қатар олар

мультимедиялық электрондық оқулықтарды даярлауға да қатысада. Кафедраның тәжірибелі ПОҚ мүшелері, ЖОО-на арналған оқулықтар мен көптеген әдістемелік құралдар дайындау ісіне де белсенді атсалысада, арасында оқулықтар жазудағы көпжылдық еңбегі үшін ҚР ЖОО қауымдастығының – «Сандық автор» медалімен марапатталғандар да бар.

Педагогикалық бағыттағы «География» мамандығының бакалавриат пен магистратураға арналған білім беру бағдарламалары, өз кезегінде халықаралық аккредитациядан сәтті өтіп сертификатталған және олар ұлттық рейтингтік ранжирлеу қорытындысы бойынша да еліміздің ЖОО арасында алдыңғы орында тұр. Кафедра мүшелері арасында «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атанған бірнеше мемлекеттік грант иегерлері бар. Кафедраның ПОҚ: география, туризм және экология ғылымдары мен олардың әдістемелері бойынша түрлі мемлекеттік жобаларға қатысада. Өз кезегінде кафедра, ҚР жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерімен, ТМД елдері және алыс шетелдердің бірнеше университеттерімен тығыз шығармашылдық байланыстар орнатқан.

